



Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## Жаршысы



№101 (9884)

20 желтоқсан,  
сейсенбі  
2022 жыл

Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ел жаңалықтары

## Дертті дендетпеу жайы сараланды

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов Қазақстан Республикасының аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Комиссия жұмысына орталық мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰҚП өкілдері, сондай-ақ өңірлердің басшылары қатысты.



Денсаулық сақтау министрі Ажар Финияттың айтуынша, елімізде қараша айының басынан бастап коронавируспен сырқаттанудың өсуі байқалады. Тәулігіне КВИ+ жұқтырудың 235 және КВИ- жұқтырудың 40 жағдайы тіркелді. Кейінгі аптада сырқаттанушылық 21 пайызға артқан (аптасына 1 001 жағдайдан 1 283-ке дейін).

– Бүгінгі таңда барлық өңір «жасыл аймақта». Сонымен қатар 15 өңірде R көрсеткіші бірліктен жоғары, бұл – инфекция таралуының өсуінің белгісі. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, R көрсеткіші 1-ден жоғары болса, қоғамдық орындарда маска тағу ұсынылады, – деді А.Финият.

Вице-премьер Алтай Көлгінов мемлекеттік органдардың басшыларына, өкімдіктерге халықты вакциналау және ревакциналау жұмыстарын жандандыруды, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Айта кетейік, бүгінгі таңда бірінші компонентпен вакцина салдырған халықтың үлесі 81,1 пайызды құрап отыр. Ал екінші компонентпен вакцина алғандардың үлесі 79,3 пайызға жеткен. Алғашқы ревакциналаудан 5,6 млн адам немесе тиісті халықтың 70 пайызы өтсе, қайта ревакциналаудан 1,1 млн адам немесе тиісті халықтың 51,9 пайызы өткен.

«ЖЖ» ақпарат

Жүректерінде жалыны, бойларында күштері бар қазіргі заманның жастары күн санап өзгеріп жатқан өмірге, әлемдік құбылыстарға қай кезде де дайын болуы керек. Өйткені жастарға артылар сенім мол, жауапкершілік жүгі ауыр. Мұны білген жалағаштық жастар қай істе де бірлікпен білек сыбанып, тек нәтижелі жұмыстың жанынан табылып, еңбекқорлық, жан-жақты қабілеттерінің арқасында биіктен көрініп келеді.



## Дарынымен дараланған балалар

«Жастар – біздің болашағымыз. Бүгінгідей біліммен бақ сынамайтын, бәсекелік қабілетті жоғары бағалайтын заманда сіздердей алғыр да жан-жақты жастармен біз мақтанамыз» деген аудан әкімі де кешегі «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты дарынды балалармен өткен кездесуде өңімінен осы бағытта өрбітті. Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте бас қосқан білім, спорт, өнер саласында жетістікке жетіп жүрген дарынды оқушылар аудан өкімімен еркін форматта сұхбаттасып, өз ойлары мен озық идеялары ортаға салды.

– Өздеріңізге белгілі биыл Балалар жылы. Айтулы жыл аясында жыл басынан бері қанша ауқымды жұмыстар атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асты. Әсіресе балалар әдебиетінің ақын-жазушыларының шығармашылығын қолдау мақсатындағы жасалған жұмыстардың маңызы зор деп білеміз. Сонымен бірге Балалар жылы аясында мемлекеттік бағдарлама қолдауымен («Ауыл – Ел бесігі») Жалағаш кентінен құны 420 млн теңгені құрайтын 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі пайдалануға берілді. Мектептердің барлығы интернет желісіне қосылған. Компьютерлер парк 100 пайыз жаңартылған. Мектептердің 85 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілсе, 2022 жылы 40 млн 766 мың теңге қаржы қаралып, 5 мектепке жаңа

модификациялық кабинеттер берілді, – деді Асқарбек Темірбекулы.

Кездесуде білім бағыты бойынша №118 орта мектептің оқушысы Алматы қызы Гүлім, спорт бағыты бойынша №38 орта мектеп оқушысы Тілеуғабылұлы Нұрсұлтан өнер бағыты бойынша Боранбай Арайлым сөз сөйлесе, №33 орта мектеп оқушысы Сейдұллақызы Іну «Жалағаштың жайсаң жақсылары» атты арнауын айтса, белсенді жастар өз ойларын ортаға салып, артылған сенім үдесінен шығуға және мемлекет дамуы жолында жұмыс істейтін білікті мамандар қатарын толықтыратынын да жасырмады. Расымен «Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі жастарды қолдап, оларға сенім артсақ, келешекте өздеріне жүктелген жауапкершілікті алып жүре алатындай қоғамға пайдалы азаматтардың қалыптасары анық.

Қайраткер атын арқалаған білім ошағындағы кездесуде аудан басшысы оқушылармен еркін сұхбаттасып, қуатты сөздерімен де жас өрендердің намысын қайрап, жігерлендірді.

– Аға буын бізге тәуелсіздігімізді тұғырландырып, алпауыт елдер санатын мемлекеттің негізін қалап берді. Ендігі кезек сіздердікі, жас достар. Мемлекет сіздерге үлкен сеніммен қарайды. Қабылданып жатқан бағдарламалар, жүргізіліп жатқан реформалардың барлығы тек қана сіздер үшін.

Жастарды атқарылатын жұмыстарға және күнделікті қоғамдық өмірде белсенділік танытуға шақырамын. Бүгінгі заман жан-жақтылықты, бәсекеге қабілеттілікті, ашықтықты талап етеді. Сол себепті тасада қалып қоймаңыздар. Өз білігіңізді бағындыруға, асыларды алуға, арман-мақсаттарыңызға жетуге талпыныңыздар. Жастардың қолынан бәрі келеді. Себебі жалағаштық жастар жігерлі. Ең бастысы, өзіңе сеніңіз. Ал аға буын өкілдеріне әрбір жасқа қолдау көрсетуде аянып қалмаңыздар дегім келеді. Біздер бабаларды үлгі ете отырып, өзін-өзі басқару мектептерін жетілдіріміз қажет, – деген Асқарбек Темірбекулы сөз арасында бабалар жолын үлгі ете отырып, өзін-өзі басқару мектептерін жетілдіру қажет екенін атап өтті.

Тағылымға толы кездесуде аудан әкімі оқушылардың сауалдарына жауап беріп, білім, спорт, өнер саласында жетістікке жетіп жүрген дарынды оқушыларға алғыс хат табыстады.

Жалпы қазақстандық жастарға қолдау мен көмек қай кезде де толастаған жоқ. Әсіресе білім саласын өркендету, сол арқылы білімді, бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру жұмысы күн тәртібінен түспейді. Аудандағы білім саласындағы жетістіктер легі осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінен деуге де болады. Өрине бұл тұста педагогтардың қажырлы еңбегін де елөзсіз қалдыру мүмкін

емес. Сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастыра отырып, берілген білімнің жеміс беретіні сөзсіз. Бірақ бұл тұста тәрбиені тек ұстаздарға артып қойып, жауапкершілікті тек бір жақтан ғана талап етудің жөні жоқ. Ата-аналардың да бұл жолда сіңірер еңбегі зор. Абырой ортақ болғаннан кейін жауапкершіліктен жалтаруға негіз жоқ.

Батыр Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апамыз бір сөзінде «Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі ескірген кезде де аяқтық астына тастамай, өртен жіберетін болған, күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған» дейді. Осы бірауыз сөзбен-ақ қаны қазақ кез келген адамның бойында аталған қасиетті құндылықтарға деген сенімізді қорғауға қажет екенін ұғындырады. Мен себепті бесіктікімнен айтып отырмын? Өйткені бесік – баланың ең алғашқы ұясы, құтты мекені. Ана құрсағынан анасымен сырласқан, бесікте жатып бесік жырын естіген, анасының құшағын сезе отырып ақ сүт емген, ұзына жарыған бала қазақы болмысын еш уақытта жоғалтпайды. Ал бауыр етің бала үшін ата-ана ретінде өміріңнің соңына дейін бағдаршам болу – міндет.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

## БАСПАСӨЗ – 2023

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейсіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылорда өңірінің ақсауы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылорда өңірінің ақсауы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА  
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

## Мал шаруашылығы: Төрт түлік санында өсім бар

Төрт түлікті түлету – қашаннан қазақтың тұрмысындағы ажырамас кәсіп. Кәсіпкерлер көшпелі қазақ тұрмысынан бастап күні бүгінге дейін жалғасқан ата кәсіптің бұл түрінің көкжиегін кеңейтуде. Ата-бабамыз төрт түлікті қастерлегені сонша жайлаудан күзеуге, одан қыстауға көшіп, малдың қонды, төлді болуына жағдай жасаған. Ауыл шаруашылығының бір саласы мал басын көбейту, ірілендіру мен асылдандыру саланың дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Ендеше саладағы өзгерістер мен жетістіктерге шолу жасасaq...



Облыс бойынша егілетін күріштің үштен біріне жуығын өндіретін Жалағашта мал шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Өйткені мал баққанға бітетінін түсінген жалағаштық кәсіпкерлер мал басын арттыру мақсатында мемлекет ұсынған бағдарламалардың тиімді тетігін тауып, қосын дөңгеленіп отыр. Осының нәтижесінде мал шаруашылығы өнмі де артты, шаруа қожалықтардың шаруасы да ширады. Мал шаруашылығымен айналысатын мал басын асылдандырып, төрт түлікті түрлендірімін деушілердің қатары жылдан-жылға артса, бұған себеп шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралардың жемісі деп білеміз. Ал ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметінше, биыл мал басын арттыру жұмыстары барлық түлік түрлері бойынша өткен жылмен салыстырғанда жүз пайыздан аса орындалыпты.

Бүгінгі таңда аудан көлемінде барлығы 38 206 бас мүйізді ірі қара, 43 299 бас уақ мал, 22 502 жылқы, 733 бас түйе, 115 бас шошқа, 10 611 бас құс өсірілуде. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда

мүйізді ірі қара 104 пайыз, жылқы 137,9 пайыз, түйе 102,5 пайыз, уақ мал 100,4 пайыз, құс 102,6 пайызға орындалған. Ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда аудан бойынша 136 шаруашылық мал өсірумен айналысуда. Оның ішінде тікелей сыбаға бағдарламасымен 116 шаруашылық кәсіпін дөңгеленіп отыр. Өндіріле асыл тұқымды малдың үлес салмағы 2 пайызға жеткен.

Айта кетейік, бұған дейінгі аудан бойынша МІҚ 114,4, жылқы 107,6, түйе 111,5, қой-ешкі 96, үй құстары 103,4 пайыз көрсеткішті құраған.

Өндіріле 106 шаруашылық мал шаруашылығымен айналысса, оның 88-і «Сыбаға» бағдарламасы аясында жұмыс істеуде. Аудан көлеміндегі асыл тұқымды МІҚ малының үлес салмағы 2, жылқы 0,16, қой 24 пайызға жеткен. Мал шаруашылығымен, оның ішінде асыл тұқымды түлік түрін көбейту, экспорттаумен айналысып жатқан кәсіпкерлер туралы ақпараттан хабардар өткен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі өткен жылы 265 бас мүйізді ірі қара сатып алуға «Агронесие

корпорациясы» АҚ-дан несиеге 200 млн теңге қаржы бөлінгенін жеткізді. Бұдан бөлек Қаракеткен ауылының «Жанель» шаруа қожалығы «Ауыл КТ» серіктестігі ЖШС-дан 37,5 млн теңге несие алып, 780 бас қой және шаруашылыққа қажетті трактор сатып алып, қазіргі таңда шаруашылық жұмысы ширап тұр.

Жалпы сала дамуының күретамыры мал басын асылдандыру – маңызды бағыт. Асыл тұқымды ірі қара малына күтім жасау, бабына қарай бағу, одан нәтиже шығарып, басын көбейту, экспорттау жұмысын жолға қою нағыз маманның ісі деуіміз керек. Өрине кәсіпкерлерге қолға алған ісін жалғастыруға, мемлекеттен демеу болмаса қиын. Бірақ қазір бұл салаға қолдау көп. Арнайы бағдарламалар да іске қосылған. Әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын деушілерге өте тиімді «Сыбаға» бағдарламасы аясында 25 шаруашылық 76 бас асыл тұқымды бұқа сатып алған. Нәтижесінде өндіріле 3 шаруашылық асыл тұқымды МІҚ малын өсірумен айналысады. Атап айтар болсақ, «Бақдаулет-57» ФҚ, «Адал»

ЖҚ, «Қиясов Еркебұлан» ФҚ, Бұдан бөлек «Бақдаулет-57» ШҚ, «Туған жер» ШҚ ет бағытындағы асыл тұқымды қой өсіруді кәсіп қылып отыр. Осы тұста Аққум ауылындағы «Бақдаулет-57» ШҚ асыл тұқымды түлік түрлерін көбейтудегі жемісті жұмысын ерекше атап өтуге болады. Шаруашылық 2017 жылы ет бағытындағы «Қазақтың ақбас» асыл тұқымды шаруашылық статусын алған. Шаруашылықта жүздеген бас асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры, асыл тұқымды қазақтың ірі қылышқ жүйелі құйрықты қойы, жылқы мен түйе малы өсірілуде.

Өткен жылы он беске жуық асыл тұқымды бұқаны бағдарлама аясында жұмыс істеп тұрған басқа да шаруашылықтарға сатып, ерекше тұқымды МІҚ өсіретіндер қатарын арттырса, биыл да мал басын асылдандыру жұмыстарын ширатты. Алты бас бұқа Жалағаш ауданы, алты басы Сырдария ауданының шаруашылықтарына сатылған. Аталған шаруа қожалықтың бірден-бір жетістігі бұған дейін 127 бас асыл тұқымды қойды Иран Республикасына экспорттап, аудандағы мал шаруашылығының сәтті алуына септігін тигізді. Алдағы уақытта да өткен еңбек, төккен тердің оң нәтижесіне бастап, сырт елдерге экспортталатын мал басының саны өседі деп ойлаймыз.

Халқымыздың ата кәсібі мал шаруашылығы болса, жоғарыдағы сандар бұғиңкі күні шаруашылықтардың атакәсіпті жалғап отырғанының дәлелі болмақ. Біздің ауданда да мал шаруашылығы жылдан-жылға өркен жайып келеді. Ауыл халқы өзін ауылға келіп, мал ұстап, басын көбейтуге ынталы. Бұл орайда талап қылғандарға мемлекеттен жан-жақты қолдау бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырғандардың қатары артып жатқаны қуантады.

Н.АЛМАС

# Жалағаштықтар жылу маусымына сақадай сай



Қылышын сүйретіп келген қыстың алғашқы айы желтоқсан елді әбігерге түсіріп жатыр. Елдегі жағдай оңалып келе жатқанмен, қыстың суық желі өн бойымызды қарытып, өкпек желдің екпіні әлі басылар емес. «Қыс шанаңды жаз сайла» деп қазақ бекер айтпаған. Кейбір қиыны келмеген, оқы түскен тұстарымыз жабуға келмей, қысқа көрпеміз басқа жапса, аяқ ашық қалып жататын кездер кездесіп жатқанын теледидардан көріп «өттең-ай» деп жатқанымыз жасырын емес. Тірлігін күн жылт еткенде бастаған шаруақор жандар тап-тұйнақтай болып, бұл қиындықтан сырт қалып, сабырлы күй кешуде.

Иә, қалай десек те ерте қамданған ұтады. Ол бесенеден белгілі. Жалағаш ауданында бұл мәселе шешімін тапқан дейді сала басшылары. Десек те қытымыр қыстың аязды күндері әлі алда екенін ескеріп аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автожолдары бөлімінің басшысы Ә. Елеусіновтен аудандағы жылудың мән-жайын өз аузынан естігенді жөн көрдік.

Оның айтуынша Жалағаш ауданында жылтылатын барлығы 100 әлеуметтік бюджеттік нысандар бар. Әлеуметтік нысандардың саны – 80. Оның ішінде 30-ы сұйық отынмен, 39-ы қатты отынмен, 2-уі электр тоғымен жылтытылса, №202 мектеп, жабық спорт бассейні, аудандық аурухана, аудандық емхана, жұқпалы аурулар бөлімшесі, «Ақмаржан» балабақшасы, №19 санаториялық балабақша, аудандық мәдениет үйі, Мәдениет және өнерді дамыту орталығы газге қосылған. «Күн шуақ» балабақшасын табиғи газға көшіру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Ең бастысы, бөлім басшысы 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымына барлық әлеуметтік және басқа да нысандар қажетті сұйық отын қатты отын қорымен қамтамасыз етілгендігін сеніммен айтты. Жер-жерде болып жатқан оқиғалар бәрімізді алаңдатып отырғаны шындық. Бұл жағдай табиғат қаһары. Ол тосыннан келіп, әлек-шелегіңді шығарады. Сондықтан тас түйін болғанымыз жергілікті халықтың қауіпсіздігі үшін керек деп ойлаймыз.

– Аудан әкімінің 04.10.2022 жылғы №320 өкімімен 2022 жылдың 5 қазанынан бастап 2022-2023 жылдардағы жылу маусымының басталғандығы жарияланды. Қазіргі таңда барлық нысандарда қалыпты жағдайда жылу берілуде. Аудан тұрғындарына 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымына 11500 тонна қатты отын жеткізу жоспарланды. Бүгінгі күнге жеке кәсіпкерлермен темір жол арқылы 3920 тонна (56 вагон) қатты отын жеткізілді. Сонымен қатар, шаруа қожалықтардың күшімен ауылдық елді мекендер тұрғындарына қатты отын

жеткізіліп берілсе, жеке автокөлік иелерімен қатты отын Шұбаркөл разрезінен жеткізіліп, сатылуда. Қазіргі таңда қоймада 70 тонна қатты отын қоры бар.

Сонымен қатар 7 вагон сырттан жеткізіледі, – дейді бөлім басшысы.

Басшының берген мәліметін сол қалпында беріп отырмыз. Берілген мәлімет қатырма қағазда қалып қоймай, көпшіліктің назарына бұқаралық ақпарат құралы арқылы жедел жетсін деген біздің мақсатымыз. Көздерінде үміт сәулесі бар халықтың еңсесі көтеріліп, жылу маусымына дайындық шаралары жасалғанына көздері жетіп, сақтық қоры бар екенін көңілге қанағат етіп, сенімді болғаны жөн.

Қазір ауданда 2484 тұрғын үй (78,5 пайызы) орталықтандырылған газ желісіне қосылып, газ отынын пайдалануда. Жалағаш кентіндегі тұрғын үй саны 3164-ді құраса, мұның өзі үлкен жетістік. Қалған тұрғын үйлер де көп ұзамай көгілдір отынға қосылмақ.

Иә, бәрін айт та бірін айт дегендей, жалағаштықтар жылу маусымына сақадай сай екендіктерін жеткізді. Көпшіліктің қазіргі тілегі қыс қаһарына ілікпей, мал-жанын аман сақтау. Бұл – күллі елдің тілегі. Ендеше мал-жан аман болғай!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

# Сайлауалды бағдарлама: Мақсат – айқын, жұмыс – жүйелі

Жуырда «Amanat» партиясы аудандық филиалының «Өңірді дамыту» және «Жастарды қолдау» жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті. Партия филиалында өткен жиынға аудандық мәслихат депутаты Әліби Бекжанов модераторлық жасады. Мұнан бөлек кеңеске партияның аудандық филиалы жанындағы «Өңірді дамыту» және «Жастарды қолдау» мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшелері қатысты.



Кеңесте екі мәселе қаралды. Яғни «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты «Amanat» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі аудан бойынша Жол картасымен жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары және аудан жастарының тұлғалық дамуы мен бос уақытын тиімді өткізуі бойынша хаттамалық ұсыныстардың орындалуы сөз болды. Мұнан бөлек «Жастарды қолдау» жөніндегі қоғамдық кеңес құрамын өзгерту туралы аудандық мәслихат депутаты Нарбота Серәлінің ұсынысы да бірауыздан қолдау тапты.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қайрат Жаппасбаев баяндады.

Қайрат Ғалиұлының сөзіне сүйенсек, биыл Жалағаш ауданында құрылыс қарқын алып, бірқатар әлеуметтік нысандардың іргетасы қаланған.

– Жалағаш кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру көшені құрылысы өткен жылы басталған болатын. Бір жыл бұрын іргетасы қаланған бұл жоба да

өтпелі. Жобаның жалпы құны – 471,6 млн теңге. Мердігер мекеме – «SCS инжиниринг» ЖШС биыл нысанды ел игілігіне беруге ниетті. Құрылыс-монтаж жұмыстарының мерзімі – 9 ай. Бұл жобаға қатысты мерзімінде құрылыс жұмыстарын аяқтамағаны үшін Қызылорда облысының ауданаралық экономикалық сотына талап-арыз берілді.

Биыл Жалағаш кентінде «Тренажер және стритбол алаңдарының құрылысы» басталған болатын. Жобаның жалпы құны – 12,5 млн теңге. Мердігер мекеме «Гулнур МК» ЖШС бүгінде қос спорттық нысанның құрылысын толықтай аяқтаған Нысан бүгінде ел игілігіне пайдалануға берілген, – дейді Қайрат Ғалиұлы.

Кеңесте бөлім басшысына бірқатар сауал жолданып, ешқайсысы жауапсыз қалмады. Сондай-ақ бөлім басшысы алдағы уақытта елі де ауданда қарқынды құрылыс жүретінін айтады.

Мұнан кейін аудан жастарының тұлғалық дамуы және бос уақытын тиімді өткізуі бойынша хаттамалық ұсыныстардың орындалуы қаралды.

Бұл тұрғыда атқарылған жұмыстарды Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Раисұлы көңінен тарқатты.

Ауданда 14 пен 29 жас аралығында 7 974 жас бар. Бұл көрсеткіш жалпы халық санының 22,7 пайызын құрайды. Ал облыстық статистика департаментінің мәліметіне зер салсақ, аудан бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,5 пайыз.

Ауданда жастарды жұмыспен қамту және мемлекеттік бағдарламалар арқылы оларды кәсіпке баулуда да біршама жоба жүзеге асқан және олар әлі күнге дейін жемісін беріп келеді. Орталық директоры жастар арасында жұмысқа орналасу бағытында осыған дейін бірқатар жұмыстар атқарылғанын айтады. Мәселен, жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына 1 405 жас жұмыс іздеуші ретінде тіркелсе, оның 1169-ы жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылған. Ал «Жасыл ел» еңбек жасағына аудан бойынша жұмысқа тартылған жастар саны – 220. Ұлттық

жоба шеңберіндегі 1 225 200 теңге қайтарымсыз грант 162 жасқа берілген.

Кеңес мүшелері бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де жүйелеуге бағытталған бірқатар сауалдар қойып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Мәселен, әрбір ауылда осы жастар саясатымен жастар мәселесімен айналысатын бір маман болуы керек деп есептейді. Ал штат мәселесі қолбайлау болса, мұны қоғамдық жұмыс арқылы жүзеге асырған тиімді деп отыр.

Мұнан бөлек кейбір шаралардың болатыны ауылдарға кеш айтылатыны, көпте мұнда хабарланбайтыны да айтылды. Нұржан Амандық бұған қатысты тиісті жұмыстар жүзеге асырын жеткізді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе, яғни «Жастарды қолдау» жөніндегі қоғамдық кеңес құрамы бекітілді. Жаңа құрамды аудандық мәслихат депутаты Нарбота Серәлі таныстырды. Бұған қатысты кеңес мүшелері тарапынан ешқандай қарсылық болған жоқ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

“Егеулі найза қолға алмай, Еңку-еңку жер шалмай, Ерлердің ісі бітер ме?” деп өз заманында өр рухты, батыр жүректі Махамбеттің жырлағаны баршамыздың есімізде. Ел ұранындай санада сайрап тұр. Егеулі найза қолға алып, ел қорғаған батырлардың бар арман мақсаты қасықтай қаны қалғанша, шыбындай жаны қиылғанша қазақтың ұлтарактай жерін ешкімге билетпеу, табанының астына илетпеу болатын. Бабалар аманаты өркез жастардың өр рухын отытып, олардың бойындағы намыс оянып жанығаны, ой-санасын дүр сілкіндіргені, сөйтіп ел армандаған ұлы мақсаттарға жету үшін өзін құрбан қылуға дейін барғаны кешегі Желтоқсан оқиғасынан көрініс тапты.

## ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫ ЕРЛІГІ



Бақытты елдің азаттықтың ақ жорғасына мініп, күллі әлем көз тіккен, кейбір елдердің пешенесіне бұйырмаған азаттық туын жеріретуі әр қазақтың жұлдызының жарқырауына себепші болуда. Сол тәуелсіздік алған күннен бастап біздің қазақ елінің басына үйірілген қара бұлт тарқап, өркендеудің өзгеше жолына түсіп, өзге еркеніетті елдермен терезесі тең болып, бақытты, еркін ғұмыр кешуі ата-бабалар өмір бойы аңсаған арман болатын.

Бодандықтың кісегін тас-талқан еткен Желтоқсан оқиғасы тарихтың алтын парағы ашылып, қазаққа жаңа дәуір есігі ашылуы үшін басталған ашық майдан болатын. Аланда төгілген қан, қиылған қыршын ғұмырлар Желтоқсан құрбандары еді.

Сол кезеңнің тірі куәгерлерін тыңдасаң, көз алдына жантүршігерлік қантөгіс пен жазықсыз жандар көрген тақсирет елестейді. Олардың жүрегіндегі жара әлі жазылмады. Кешегі күнге дейін олардың ел үшін жасаған әрекеттері ақталмай, тергеліп, өздерін қоғамнан шеттетілген жандай өкісіп күн кешті. Олар халық жауы емес еді.

Олар халықтың маңдайына біткен бақ-жұлдыздары болатын. Жастық шақтың гүлдей құлпырған қызғалдақтары саналған өрмідей қыздар өз өмірлерің армандарын желтоқсанда қарға жағылған алауға өртеп, жағып жіберді. Ел үшін шейіт болды. Азаттық тек құрбандықпен бізге оралды.

Алаңға шықты адымдап, Әнұран айтып жалындап. Еркіндік, теңдік алудың, Антындай берік қабылдап Қайтады қайсар өжеттер, Өртенді зар боп өзектер, Бейкүнә қызды қорлады-ау, Балақтан тістеп төбеттер. Сонда да қайтпай мәселі, Маңдайда соры бес елі, Қанжоса болып барады, Бұрымды ару кешегі.

Жас емес көзден қан ағып, Тек алға деп сазарып. Қазағым дейді дауыстап, Жібітпей өксік тамағын. Білгені дұрыс ел мұны, Ұлтымның ұлы ерлігі. Қазақтай азат елімің, Азаппен келді теңдігі. Бағымыз енді байланбай, Бейуақ қылыш қайралмай, Қазақ елі қуатты, Мемлекетке айналғай!

Иә, алыптай адымдаған, қарыштап қадымдаған қазақ елі аман, тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

# Пиротехникадан келер қауіп көп

Жаңа жыл мерекесі жақындаған сайын пиротехникалық заттардың да саудасы қаза түсетіні анық. Алайда олардың барлығының сапасы жақсы, қауіпсіз деп айтуға келмейді. Ал жарылғыш заттардан жапа шегетіндердің басым бөлігі бүлдіршіндер екенін ескерсек, мейрамда балаларға қуаныш сыйлаймыз деп жүріп, оқыс оқиғаға жол беру қаупі барын әрдайым есімізден шығармағанымыз абзал.



Елімізде жыл сайын пиротехникалық жарылғыш заттардың салдарынан мереке кезінде ірі өрт факторлары тіркеледі. Мейрам кезінде қайғылы жағдайға душар болған жандар аз емес. Сол себепті аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда орындарының басшыларына және жеке кәсіпкерлерге талапқа сай келмейтін пиротехникалық заттарды сатуға жол бермеу керектігін ескертеміз.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 411 және 483 баптарына сәйкес, өрт-қауіпті немесе өрт-жарылыс қауіпті бұйымдарды сату немесе сақтау, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасаған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, өкелу, өкету тәртібін бұзуға жол беріл-

ген жағдайда, аталған заттар мен бұйымдарды тәркілей отырып, әкімшілік айыппұл салуға өкел соғатынын айтып өткен жөн. Қауіпсіздік ережелерін басты назарда ұстап, Жаңа жыл мейрамын қауіпсіз өткізейік ағайын!

Жадыңызда жүрсін

Егер оташу бірден тұтанбаса, оған бірден жақындауға болмайды. Кемінде

бір минут күту қажет, тұтанбай қалған оташуды қайта жағуға болмайды.

Оташуларды салқын әрі құрғақ жерде сақтау керек, ылғалданып қалған жағдайда оны фен неіесе басқа да жылыту құрылғыларымен құрғатуға тыйым салынады.

Пиротехникалық өнімдерді қатты жел кезінде ғимараттар мен үйден 30 м қашықтықта қолдану керек. Пиротехниканы тек нұсқаулыққа сай үлкендердің қатысуымен далада және ашық алаңда ғана қолдану қажет. Егер пиротехникалық өнім жанабай қалған жағдайда оған 10 минут көлемінде жақындауға және қолға алуға болмайды. Ол кенеттен жанып кетуі мүмкін, бұл өз алдына қауіпті болып табылады. Жерге түскен ракета теріздес пиротехника қалдықтарын жинамаңыз, олар қолыңызда жарылуы мүмкін.

Егер сіз жарамдылық мерзімі өтіп кеткен пиротехникалық өнімді сатып алған болсаңыз, оларды отқа тастап жоймаңыз. Олардан арылудың тиімді әрі қауіпсіз жолы су құйып, 2 сағат күтіп, көдімгі қоқыстармен бірге қоқыс жәшігіне тастауға болады

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



# 4 ДИДАР

## Тәуелсіздік – халық санасындағы еркіндік

Қазақ үшін қастерлі сөз көп. Бірақ солардың ішінде бүгінде біз қадірін білуге, қастерін арттыруға тиіс бір сөз бар. Ол – тәуелсіздік. Адам үшін бәреге тәуелді болудан асқан азап жоқ. Бодандықтың тұпсанадағы түсінігі – құлдық. Ал біреуге қызмет етіп, қожайынның айтқанымен жүріп-тұруға үйренген жан өзіндік ойлау қабілетінен айырылады. Басында еркі жоқ адамның өзі де жоқ. Ел де сондай...

Өткен ғасырдың тоқсан бірінші жылы Қазақстан қайта туып, қайта түледі. «Егемен ел болдық» дегенде қуаныштан беркін аспанға атып шаттықтан жыламаған жан қалмады. Теледидарға құлағын төсеп отырған менің әкем де сүйінші жаңалықты естігенде жанарынан бір тамшы жас үзіп еді. Сол бір тамшы жаста бабаларымыздың арманы, мұраты, үміті бар еді. Сол арман қайта оянды, үміт шырағы жылт етті.

Жабық түрде озбырлық жасалып келді. Ол – өткен ғасырдың жиырма-отызыншы жылдарындағы қазақтардың қынадай қырған қасақана қолдан ұйымдастырылған аштық нәубеті еді, ол – елінің келешегі мен ұлтының, ұрпағының көрешегі үшін деп күрескен арыстарымызды жазықсыз атып, асып, абақтыға жапқан қуғын-сүргін зұлматы еді, ол – «Отан үшін» деп ұрандаған талай боздақтың басын жалмаған екінші дүниежүзілік соғыс еді. Кейбір деректерге сенсек, осы аласапыран жылдары жеті миллионға жуық қазақ жазықсыз құрбан болыпты. Бұл қасіретті жылдарды біздің бұрын көрме де, аға бұрын күе болды. Сол себепті тәуелсіздіктің таңы алғаш атқанда өкелеріміз бен шешелеріміздің жанарынан жас моншақтады. Ғасырлар бойы елі мен жерінің азаттығы үшін соғысқан бабаларымыздың өзі сүйіншілеген шатшадыман дауыстан көрінде бір аунап түскен шығар.



Жығылған студенттерді тиіп алып, қаланың сыртындағы үлкен сайға апарып төгіп жатқанын көз алдыңызға елестетсеңіз күні бүгінге дейін сай-сүйегіңді сырқыратады.

Қай күні, тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсан оқиғасына қатысқан бір кісімен сапарлас болдым. Жол үстінде жаңыңа өзек қылатының тек – әңгіме. Оның үстіне тақырыпты ол кісінің өзі қозғайды.

«Біз де ол кезде Қазақстанды қазақ ұлтының өкілі басқарсын деген бір гана талап болды және сол мақсатта көшеге шығып, орталық алаңға жиналдык. Шынымды айтсам, өз басым сотталмақ түгіл таяққа жығаламын деп те ойлаған жоқпын. Өйткені менде өз елімнің құқық қорғау органдары бізді, яғни азаттық асаған жастарды жақтайды, қорғайды деген сенім болды. Бірақ сын сағатта ол сенім күйреп, быт-шыты шықты. Алаңда басым милицияның резеңке шоқпары тигенін білемін, одан арғысы есімде жоқ. Көзімді ашсам, айналам аппақ әлем. Денемде жан жоқ. Қол-аяғым қозғалмайды. Бір сәт өліп қалған екенім деп ойладым. Қайтадан талықсып кеттім. Бір есімді жисам қасыма қараңдаған адамдар жүр. Бірақ жүздері анық емес, бұлдырап көрінеді. Жауырыманнан сыз өте бастады. Сөйтсем қардың үстінде жатыр өкем. Үстім жалаңаш. Әлгі жүргендердің бір-екеуі мені қолтықтап тұрғызып, көтеріп алып кетті. Студенттер екен. Қаланың шетіндегі бір үйді уақытша паналадық. Аяқ-қолым сығанның аман соған қуандым. Бет-аузым домбығып іскен бір шөкем жарылыпты. Тәннің жарасы жазылар ғой, жанның жарасы ше? Міне, содан бері қырық жылға жуық уақыт өтті. Сол жылдың желтоқсанының желі өлі өмірнен өтіп тұрғандай болады. Алаңдағы тіліміз үшін, діліміз үшін, еліміздің келешегі үшін ақ қар, көк мұздың үстінде тұрып «Біз өзге ұлттың боданы болмаймыз» деп қасқақ қарсы тұрған жастар көз алдыман

**Бәрекелді!**  
Елім деп өміренетін ер болса, елі неге құрметтемесін?! Осындайда бойды қыздырар, ойды оздырар қазақ туралы жазылған сазы мен тақырыбында нәрі бар осы өлең жолдары кеудеңде мақтаныс сезімін оятады.

## Руслан Теміржан – әлем чемпионы



Қазақ болып туманда нетер ем? Бұл жалғаннан бақыт таппай өтер ем? Желдей жүйрік жылқы мінбей жалғанда, Аламанда ат оздырмай көтер ем. Мен қазақтың Бойымдағы қан қазақ, Мен қазақтың Мен шырқайтын ән қазақ, Бір қазақтың Бақыты мен бағына, Бар жаныммен Қуанса екен бар қазақ!

Міне, осы жалынды жыр жолдары кеше ғана аламанда ат оздырып, әлем чемпионы болған Темірбек Жүргенов ауылының тумасы Теміржан Русланға арнап айтылғандай. Ол ел намысын қорғаған дүбірлі додада шашасына шаң жұқтырмай қазақша күрестен «Әлем чемпионы» деген атақты жеңіп алып, ел-халықтың рухын көкке көтерді. Әлем чемпионаты қазақ күресінен 12-14 желтоқсан күні аралығында Астана қаласындағы Жақсылық Үшкөпиров атындағы жекпе-жек сарайында өткен болатын. Міне, осы шаршы әлем көз тіккен жарыста Теміржан Руслан 20 жасқа дейінгі жастар арасында 60 келі салмақта қарсыласын қапы қалдырып, жеңіс тұғырына көтеріліп, көк туымызды желбіретіп, биік тұғырдан көрінді.

Әрине жалынды жастың бұл жеңісі талай өрендерге қанат бігерірі анық. Туған жері Темірбек Жүргеновтегі ауылдастары чемпионды зор құрметпен ыстық ықыласпен қарсы алып, дүбірлеген той жасап, елін сүйген санлақтың жеңісін сүйіншілеп, оған үлкен қошемет көрсетті. Ауылдағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығы текті ұлға бір миллион теңге сыйақы берді. Шаруа қожалығы өз құттықтауларына мынадай сөздер жазыпты: «Әлмеге ауылдың атын Темірбектен кейін екінші Теміржан таныты. Қуаныш ортақ, жеңіс ортақ, абырой ортақ, ағайын! Теміржанның осындай жетістігіне «Ер-Әлі» шаруашылығы демеушілік есебінен бір миллион теңге сыйақы беруді ұйғарды» делінген. Бұл мәрт қазақтың кең даладай дарқандығы деп таныдық. Ауыл халқы тұлпарда мінгізіпті. Қалай десек те елдің даңқын шығарған азаматқа көрсеткен бұл құрмет өте жарасымды.

Бұл қуаныш менің ғана емес бүкіл елдің қуанышы. Әрине жеңіс адамның ұсына өңайлықпен түспейді. Оған тынымсыз жаттығу, ұзақ еңбек, төр төгу керек. Осы жеңісімді тәуелсіздікке арнағандай сезіндім. Менің өліме, жеріме деген құрметім осы көп жеткізген жеңісіммен сабақтас. Осы орайда жарысқа дайындаған жаттықтырушымын Қызылорда қаласындағы қазақ күресінен жасөспірімдердің аға жаттықтырушысы Берік Қасымбековке алғашқы жаттықтырушымын Әнуар Тәжмахановқа айтар алғысым шексіз. Менің ауылдастарым бүкіл тайлы-туяғы қалмай жиналып, күтіп алып, аялап жатыр. 18 желтоқсан күні ауылдың жас буын өкілдері Қорқыт ата өуезжайынан күтіп алды. Күллі мені қолдаған жанашырларымын шын жүректен алғыс білдіремін. Жеңісті күндер көп болғай, – дейді мақпалкөлдiк чемпион Теміржан Руслан.

Айта кетейік, Теміржан Руслан 2002 жылғы 27 қарашада Т.Жүргенов ауылында өмірге келген. Ол «Жас барыс» республикалық турнирінің 3 дүркін, Қазақ күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жеңімпазы. Белбөу күресінен ҚР чемпионатының 3 дүркін жүлдегері. Қазақ күресінен 60 кг салмақ дәрежесінде рейтингте 1-ші немірлі спортшы. Ел мақтанышына айналған чемпионмен өзі білім алған Ә.Оңалбаев атындағы №117 орта мектепте көрмет көздесу жасады. Ауыл жастары жеңімпаз ұлдың құрметіне көкпар ұйымдастырды.

Шынында тәуелсіздікпен тұспа тұс келген ел қуанышы құтты болсын! Қуанса, қазақ қуансын. Чемпион ұл тудырған ауыл аман болсын!

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА

### Футбол

## Аргентина – әлем біріншілігінің жеңімпазы

Катардағы әлем біріншілігі де осымен тәмам. Бір айға ұласқан аяқпоз шеберлері арасындағы тартысты бәсекеге жексенбіде нүкте қойылды. Ал «Кубок кімге бұйырады?» деген сауалға спортсүйер қауымның пікірі осыған дейін саналуан болған еді. Бірақ Аргентинаның биыл чемпиондықтан үміткер команданың бірі болғаны сөзсіз.



«Лусаил Иконик» стадионында өткен ақтық мәре сөз жоқ, тартысты болды. Қос балкер де алаңға сайылқыран саңлақтарын сұрыптап шығарды. Ә дегеннен аргентиналықтар допқа иелік етуде басымдық танытып, шабуылды үдетті, тіпті бірінші болып есеп ашты. Ойынның 22 минутында А.Ди Мариоға қарсы қақпа маңында ойын ережесі бұзылып, бас төреші Ш.Марчиняк 11 метрлік айып добын белгіледі. Ал бұл мүмкіндікті сұрмерген Л.Месси құр жібермеді.

Уақыт сырғып жатыр, Аргентинаның жанкүйерлері стадионда жеңісті тойлауды бастап кетті. Ойынның 80 минуты да келіп жетті. Ал есеп еш өзгеріссіз. Алаңдағы аяқпоз шеберлері алғашқы таймды қайталады. Бірақ бұл жолы барлығы Францияның пайдасына шешілді.

Ойынның 80 минутында бас төреші Аргентинаға қарсы 11 метрлік айып добын белгіледі. Ал оны биыл «Алтын доптан» үміткер К.Мбаппе құр жібермеді. Араға небары 1 минут уақыт сапып, «ПСЖ» шабуылшысы есепті еселеді.

Таразы басы теңесті. Жалпы Аргентинаның бұл дәстүрлі ойын өрнегіне айналған ба деп қалдық. Естеріңізде болса, әлем біріншілігінің 1/4 кезеңінде Нидерландыға қарсы ойында да Аргентина 2:0 есебімен алға шығып, кейін қарсыласы таразы басын теңестірген. Айып добын орындау арқылы жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салған болатын. Бүгін де сол жағдай қайталанып жатыр.

Мұнан кейін де ойын тұтастай Аргентинаның бақылауында болды. Олар өлсін-өлсін шабуылды үдетіп, есепті еселеуге тырысты, тіпті сол мақсатына жетті де. Ойынның 36 минутында А.Ди Марио әріптесі асырған допты Льюис Күзеткен қақпада тұлпатты.

Осымен теңестірген К.Мбаппенің голы жұбаныш болды. Иә, сонымен Аргентина – 2022 жылғы әлем біріншілігінің жеңімпазы. Топтық кезеңдегі алғашқы кездесуінде Сауд Арабияға гол берді. Мұнан кейін Мексика мен Польшаға 4 гол соғып С тобында көш бастады. 1/8 кезеңде Австралияны 2:1 есебімен бағындырса, 1/4 кезеңде Нидерландыны айып добын орындау арқылы жолдан ысырды. Ал жартылай финалда Хорватияны айық басымдықпен жеңіп, ақтық мәреде осыған дейінгі әлем біріншілігі кубогының иелерін шын қаптырды.

Иә, сонымен Аргентина – 2022 жылғы әлем біріншілігінің жеңімпазы. Топтық кезеңдегі алғашқы кездесуінде Сауд Арабияға гол берді. Мұнан кейін Мексика мен Польшаға 4 гол соғып С тобында көш бастады. 1/8 кезеңде Австралияны 2:1 есебімен бағындырса, 1/4 кезеңде Нидерландыны айып добын орындау арқылы жолдан ысырды. Ал жартылай финалда Хорватияны айық басымдықпен жеңіп, ақтық мәреде осыған дейінгі әлем біріншілігі кубогының иелерін шын қаптырды.

Қосымша қос тайм да сөз жоқ тартысты өтті. Бірінші болып Л.Месси есеп ашып, тағы да Франция жанкүйерлерінің сазын сындырған. Алайда 118 минутта таразы

Дәл мұндай маңызды ойында және дәл осындай жағдайда Д.Дешамның бір шешім қабылдайтыны анық. Бірақ бұл шешімді ол тым ерте қабылдайды деп күткен жоқпыз. Франция қақпасында екі мәрте доп тұлпап еді, артында О.Жиру мен У.Дембеле алаңдағы орынын босатты. Алайда алғашқы таймда есеп еш өзгеріссіз қалды.

Қосымша қос тайм да сөз жоқ тартысты өтті. Бірінші болып Л.Месси есеп ашып, тағы да Франция жанкүйерлерінің сазын сындырған. Алайда 118 минутта таразы

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: **Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
Таралымы 3075 Тапсырыс № 2148